# «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

## Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

# СИЛЛАБУС

Пән коды: ЖББП 08
Пәні: «География»
Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер»
Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»
Оқу сағатының кредиттің /көлемі: 48/2
Теория: 48
Курсы: 1
Семестр: 1
Бақылау түрі: сынақ, бағалы сынақ

Шымкент, 2024 ж.

«География» пәні бойынша силлабус жұмыс оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Оқытушы: А.К.Тилепбаева

Мамандығы: 09120100 «Емдеу ісі»
Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»
Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практика мейіргері»
Мамандығы: 09110100 «Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»
Мамандығы: 09110200 «Ортопедиялық Стоматология»
Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс технигі»

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.
Хаттама №1 «27» 08 2024 ж.
Кафедра меңгерушісі: ____________ А.Т. Сатаев

«Жалпы білім беретін пәндер» Пәндік циклдік комиссия мәжілісінде қаралды.
Хаттама №1 «28» 08 2024 ж.
Төрайымы: ____________ Г.Т.Анапияева

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы
медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді.
Хаттама №1 «28» 08 2024 ж.
Төрайымы: ____________ Г.С.Рахманова

Оқытушылар туралы мәліметтер:

| № | Аты-жөні | Дәрежесі және лауазымы | Қызметі | Жүргізетін пәні | Эл.мекен-жайы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | А.К.Тилепбаева | | оқытушы | География | aijamalaia@mail.ru |
| 2 | К.Б.Ахтаева | | оқытушы | География | Aktaevaklara44@gmail.com |

**3.1. Кіріспе**

Білім берудің негізгі жалпы ұлттық мақсаттарының бірі жоғары білімді мамандарды даярлауда жалпы білім беретін және арнайы пәндер аясында білім алушыларды әлемдік білім кеңістігінде бәсекеге сәйкес білім берудің сапасын жақсарту. Әлемдегі жаһандану үрдістердің күшейген кезінде, қазіргі география жер туралы букіл білім жабдықтарын синтездейтін, экологиялық, және технологиялық жаратылыс ғылымы, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық ақпараттардың синтезин қамтамасыз ететін ғылымдарды паш етеді. География арқылы әлемдегі экологиялық, экономикалық және әлеуметтік проблемалар калыптасады. Географияны оқытудағы мәдени көзкарас білім алушылардың бағалау қасиеттерінің қалыптасуына әсер етеді.

Әлеуметтік –экономикалық география қазіргі білімдердің синтезі есебінде және жалпы географияның маңызды бөлшегі бола тұрып, ұйымдастыру, басқару ойының қалыптасуы үшін маңызды қызмет атқарады. «Әлеуметтік –экономикалық география» адам мен табиғаттың қарым –қатынасынан пайда болатын көптеген проблемаларды, адамның планета болашағына әсерін етуін білуді үйретеді.

**3.2. Пәннің саясаты:** Білім алушыларға қойылатын талаптар:
- себепсіз сабақтан қалмау;
- сабаққа кешікпеу;
- сабаққа формамен келу;
- тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
- сабаққа дайындалып келу;
- білім алушылардың өзіндік жұмыстарын уақытылы кесте бойынша тапсыру;
- сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
- сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
- кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.

**3.3. Пәннің мақсаты:**

Әлеуметтік және экономикалық географияның білім алушылар түсінігінде ғылым ретінде қалыптастыру.

**3.4. Оқу міндеттері:**

Қарапайым және әлеуметтік экономикалық білімдерді біріктіру;
- жалпы географиялық заңдылықтар туралы білім, ұғымдар мен идеялардың негізінде ғалам шар табиғатының біртұтастығы туралы білім және көзқарасты одан әрі дамыту;
- дүниежүзі саяси картасының қалыптасу кезеңдерін, дүниежүзілік шаруашылықтың, еосаяси проблемалар мен қазіргі économie кездегі қоғам дамуының бағыттарын оқып білу үдерісінде саяси, географиялық білімнің қалыптасуын жалғастыру;
- географиялық процестерге талдау жасау әдістерін игеру;

**3.5.Қорытынды оқу нәтижелері:**
- елдердің топталуын және типологияны;
- жеке азамат ретіндегі белсенді көзқарасын білдіру;
- географиялық сипаттамалар жазу, пікірталас кезінде өз пікірін қорғап сақтай білу;
- іздестіру, сақтау, географиялық мәліметтерді талдау, ғаламтордан қажетті мәліметтерді іздестіру;
- дүниежүзілік экономикалық қатынастар, сауда,несие қаржы, басқа да түрлерін;
- жаңа игерілген аудандардың үлгілерін;
- еркін экономикалық аймақтардың үлгілерін;
- жекеленген тақырыптарды игеру барысында берілген әдістерді қолдану;

**3.6. Реквизитке дейінгі:** «Дүние жүзі тарихы»

**3.7. Реквизиттен кейінгі:** «Қазақстан тарихы».

**3.8.Пәннің қысқаша мазмұны:**

Дүние жүзінің саяси картасы. Мемлекеттердің құрылысы. Халық-әлеуметтік экономикалық географияның зерттеу аясы. Халықтың саны және ұдайы өсу. Халықтың қоныстануы, көшіп- қонуы. Ғылыми техникалық революция сипат белгілері, даму кезеңдері. Дүние жүзілік шаруашылығы. Өнеркәсіп географиясы. Ауыл шаруашылық және балық аулау географиясы. Көлік географиясы. Дүниежүзілік халықаралық экономикалық қатынастар. Батыс Европа елдері. Жалпы сипаттама. Азия елдері. Австралия құрлығы. Африка елдері. Солтүстік Америка елдері. Латын Америка елдері. Дүниежүзінің ғаламдық, экологиялық проблемалар. Ғаламдық болжамдар,гипотезалар және жобалар. Тұрақты даму стратегиясының негізгі шарттары

**3.9.Теориялық сабақтың тақырыптық жоспары**

| № | Тақырыптар атауы | Мазмұны | Сағат саны |
|---|---|---|---|
| 1 | Дүние жүзінің саяси картасы. Мемлекеттердің құрылысы. | Қазіргі дүние жүзінің саяси картасы, қазіргідүние елдерінің көп түрлілігі, халықаралық қатынастардың дүниежүзінің саяси картасына әсері. Дүниежүзі елдерінің мемлекеттік құрылысы,саяси географиясы. | 3 |
| 2 | Халық-әлеуметтік экономикалық географияның зерттеу аясы. Халықтың саны және ұдайы өсу. | Дүниежүзіндегі алғашқы халық санақтары, халықтар географиясының әлеуметтік-экономикалық географияның тармағы ретінде дамуы. Халықтың ұдайы өсуінің типтері, халықтың жастық, жыныстық және этникалық құрамы, олардың түрлері. Дүниежүзінің діни құрамы. | 3 |
| 3 | Халықтың қоныстануы, көшіп- қонуы. | Халықтың қоныстануына әсер ететін факторлар: экономикалық, әлеуметтік және саяси. Халықтың көшіп қонуының себептері. | 3 |
| 4 | Ғылыми техникалық революция сипат белгілері, даму кезеңдері | Ғылыми техникалық революция жайлы жалпы түсінік, ғылыми техникалық революцияның құрамдас бөліктері. | 3 |
| 5 | Дүние жүзілік шаруашылығы. Өнеркәсіп географиясы. | Дүние жүзілік шаруашылық ұғымы, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі, халықаралық мсамандану саласы. Өнеркәсіп – материалдық өндірістің бірінші жетекші саласы, отын-энергетика өнеркәсібі, машина | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жасау өнеркәсібі. | |
| 6 | Ауыл шаруашылық және балық аулау географиясы. | Ауыл шаруашылығы- материалдық өндірістің екінші жетекші саласы.Жасыл революция ұғымы, өсімдік шаруашылығы, балық аулау. | 3 |
| 7 | Көлік географиясы. | Құрлық көлігі – үш басты түрі, су көлігі – теңіз көлігінің ерекше қызметі, көлік және айналадағы орта. | 3 |
| 8 | Дүниежүзілік халықаралық экономикалық қатынастар.<br>№ 1 Аралық бақылау. | Халықаралық сауда, айналым, тауар құрылымы, географиялық таралуы. | 2<br><br>1 |
| 9 | Батыс Европа елдері. Жалпы сипаттама. | Территориясы, шекарасы, географиялык орны. Табигат жагдайлары мен байлыктары. Халкы,<br>ұдайы осуі, кешіп - конуы, ултык құрамы, урбандалу. Шаруашылыгы, дуниежүзінде алатын орны, елдер арасындығы айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары.<br>Мемлекеттердің қоныстануы мен шаруашылыктың географиялык бейнесі. Аймактың ірі бөліктері және дамыған мемлекеттері. Шаруашылыгы, дуниежүзінде алатын орны, елдер арасындығы айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары.<br>Мемлекеттердің қоныстануы мен шаруашылыктың географиялык бейнесі. Аймактың ірі бөліктері және дамыған мемлекеттері. | 3 |
| 10 | Азия елдері. | Географиялык орны, территориясы, шекарасы. Халкы, ұдайы осуі, көшіп - қонуы, ұлтык кұрамы, урбандалу. Табигат жағдайлары мен байлыктары. Шаруашылыгы, дүниежузінде алатын орны, елдер арасындағы айырмашылықтар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары. Аймақтың ірі бөліктері және дамыган мемлекеттері. Мемлекеттердің қоныстануы мен шаруашылыктың географиялык бейнесі. | 3 |
| 11 | Австралия құрлығы. | Территориясы, шекарасы, географиялык орны. Табигат жағдайлары мен байлыктары. Халкы,<br>ұдайы өсуі, көшіп - қонуы, ұлттык құрамы, урбандалу. Шаруашылыгы, дүниежүзінде алатын орны, елдер арасындығы | 3 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары. | |
| 12 | Африка елдері. | Географиялык орны, териториясы, шекарасы. Халқы, ұдайы өсуі, көшіп - қонуы, ұлттык құрамы, урбандалу. Табиғат жағдайлары мен байлықтары. Шаруашылығы, дүниежүзінде алатын орны, елдер арасындығы айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары. Аймактын ірі беліктері және дамыган мемлекеттері. Мемлекеттердін коныстануы мен шаруашылыктын географиялык бейнесі. | 3 |
| 13 | Солтүстік Америка елдері. | Халқы, ұдайы өсуі, көшіп - қонуы, ұлттык құрамы, урбандалу. Географиялык орны, территориясы, шекарасы. Табиғат жағдайлары мен байлыктары. Шаруашылығы, дүние жүзінде алатын орны, елдер арасындығы айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары. Аймақтың ірі бөліктері және дамыған мемлекеттері. Мемлекеттердің қоныстануы мен шаруашылыктың географиялык бейнесі. | 3 |
| 14 | Латын Америка елдері. | Географиялык орны, территориясы, шекарасы. Халқы, ұдайы өсуі, көшіп - қонуы, ұлтык құрамы, урбандалу. Табиғат жагдайлары мен байлыктары. Шаруашылығы, дүниежүзінде алатын орны, елдер арасындағы айырмашылыктар. Көлік, басты магистральдары мен тораптары. Аймақтың ірі бөліктері және дамыған мемлекеттері. Мемлекеттердің қоныстануы мен шаруашылыктың географиялык бейнесі. | 3 |
| 15 | Дүниежүзінің ғаламдық, экологиялық проблемалар. | Ғаламдық проблемалардың өзара байланыстылығы.Ғарышты бейбіт мақсатта игеру, жаңа көкжиектер. | 3 |
| 16 | Ғаламдық болжамдар,гипотезалар және жобалар. Тұрақты даму стратегиясының негізгі шарттары.<br>№ 2 Аралық бақылау. | Ғаламдық болжамдар екі көзқарас. Ғаламдық жобалар және гипотезалар. Тұрақты даму стратегиясы мен принціптері.Халықаралық экологиялық ынтымақтастық. Тұрақты дамуды қамтамасыз ететін халықаралық ұйымдар.Халықаралық экологиялық ынтымақтастық қызметінің негізгі принціптері. | 2<br>1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Барлық сабақтың саны | | 48 |

**3.10. Әдебиеттер тізімі:**

**3.10.1. Негізгі әдебиеттер:**

1 В.П. Максаковский. География. Перевод З. Сарыевой. Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы. Мектеп, 2004

2. В.П.Максаковский. География. Перевод Ш.М.Надырова.Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы Алматы: Просвещение-Қазақстан,2004

**3. Ахметов Е.**
Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / Е. Ахметов, Т. Увалиев, Қ. Ахметов. - Алматы : Мектеп, 2006. - 224 с. : сурет. Экземпляры: всего:1

**4. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - Алматы : Мектеп, 2006. - 304 с Экземпляры: всего:1

**5. География: Общий обзор.** Страны СНГ : учебник для 10 кл. естественно-математического напраавления общеобразовательных школ / А. С. Бейсенова [и др.]. - 2-е изд., перераб., доп. - Алматы : Мектеп, 2010. - 296 с. : ил.
Экземпляры: всего:1

**6.** Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы : Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқылық / Ю. Н. Гладкий , С. Б. Лавров. - Алматы : Мектеп, 2002. - 256 с Экземпляры: всего:9

**7.** География: Экономическая и социальная география мира : Учеб. для 10 кл. общеобразовательных учреждений / В. П. Максаковский. - 9-е изд. - М. : Просвещение, 2001. - 350 с. - (География) Экземпляры: всего:43

**8**. Каймулдинова К.Д., Әбілмажінова С.А. География.Оқулық. Издательство "Мектеп" 2019 10-сынып.

9. Бейкитова А.География. Әдістемелік нұсқау Издательство "Мектеп" 2019 10-сынып. 2

**3.10.2.Қосымша әдебиеттер:**

1.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»Алматы Мектеп. 2002

2. Жер және адамзат; Ғаламдық проблемалар. – М. Мысль, 1985.

3. Максаковский В.П. Дүние жүзіндегі жаңалықтар; цифрлар мен деректер «Дүние жүзінің экономикалық және әлеуметтік географиясы» оқулығына қосымша тараулар.

4. **Экономическая география** [Электронный ресурс] : электронный справочник. - Электрон. текстовые дан. (22,1 Мб). - М. : Б. и., 2005 эл. опт. диск (CD-ROM). - (Экономика ) Экземпляры: всего:1

5. **Өнеркәсіп географиясы** : оқулық / Т. О. Уәлиев [ж. б.] ; ҚР БҒМ. - Алматы : ЖШС РПБК "Дәуір", 2011. - 376 бет. с. - (ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы) Экземпляры: всего:20

6. Современные Соединённые Штаты Америки; Энциклопедический словарь. М. Политиздат

7. Зарубежная Европа «Серия: Страны и народы»,-М.Мысль.

8. Зарубежная Азия «Серия: Страны народы», -М.Мысль.

**3.10.3. Оқытудың қосымша құралдары:**

Тақырыптық плакаттар

- карталар
- диаграммалар

- сызбалар
1. Журнал «Мектептегі география» 2005-2008
2. Компьютерлік оқу бағдарламасы Золотой глобус, Дискавери.
3. Электронды оқулық. География. Ұлттық информатизация орталығы.2008

**3.11. Пәнді оқытудың түрлері мен әдістері:**

**Теориялық сабақтар:** ауызша сұрау, әңгіме, пікірталас, презентация, шағын топпен жұмыс, жазбаша жұмыс;

**3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:**

**Ағымдық бақылау**: ауызша сұрақ жауап жүйесінде жүргізіледі.
**Аралық бақылау:** жазбаша ауызша түрде бақылау жұмысы 6 және 12 аптасында өткізіледі.
**Қорытынды бақылау:** ауызша сынақ,
-Білім алу нәтижелерінің бағалануы пәннің бағдарламасына (силлабусқа) сай қойылған ағымды бағалар негізінде жүргізіледі.

Платонус бағдарламасымен автоматты түрде есептелген жіберілу рейтингі (ағымды және аралық бақылаулардың ортақ баллы) қорытынды бағасы ретінде алынады. Ауызша алынған сынақ бағасын пән оқытушысы емтихан кестесі бойынша ПлатонусААЖ-ға қояды.

**Қорытынды бақылау:** сынақ ауызша, жазбаша нысанда жүргізіледі және білім алушы жоғарғы (мах) 40 балл жинауы мүмкін.

**Жалпы бағасы:** ағымдық (рейтинг) (60%) + қорытынды (40%) мына төмендегі межелік бойынша қойылады:

| Әріптік жүйемен бағалау | Баллдың сандық эквиваленті | Пайыздық өлшем | Дәстүрлі жүйемен бағалау |
|---|---|---|---|
| A | 4.00 | 95-100% | Өте жақсы |
| A- | 3.67 | 90-94% | |
| B+ | 3.33 | 85-89% | Жақсы |
| B | 3.00 | 80-84% | |
| B- | 2.67 | 75-79% | |
| C+ | 2.33 | 70-74% | |
| C | 2.00 | 65-69% | Қанағаттанарлық |
| C- | 1.67 | 60-64% | |
| D+ | 1.33 | 55-59% | |
| D | 1.00 | 50-54% | |
| F | 0.00 | 0-49% | Қанағаттанарлықсыз |

**3.12.1. Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**

| **ОН №** | **Оқыту нәтижелерінің атауы** | **Қанағаттанарлықсыз** | **Қанағаттанарлық** | **Жақсы** | **Өте жақсы** |
|---|---|---|---|---|---|
| БҚ1.1 | Өзін-өзі дамыту: оқуды ұзақ мерзімді жоспарлау, кәсіби өсу дағдыларын меңгерген. | Сабаққа дайындалмаған, ізденбегені үшін қойылады | Сабақтың тақырыбын, мақсатын, мазмұнын білгені үшін қойылады. | Оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі фактілерін, даталарының хронологиялық реттілігін сипаттап | Білім алушы оқытылатын пәннің заңдылықтары мен негізгі тарихи фактілерін өздігінен ізденіп, даталарының хронологиялық |

| | | | | | |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- |
| | | | | бергені үшін қойылады. | реттілігін ұғынып, ізденген білімі үшін қойылады. |
| БҚ1.2 | Сыни ойлау және шешім қабылдау: мәселелерді және ықтимал шешу жолдарын анықтайды, гипотезаны тексереді және оқиғалардың ықтималдығын бағалайды, қортынды жасайды және негізделген шешімдерді қабылдайды. | Алынған білімді қолданбағаны үшін | Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білгені үшін бағаланады | Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын сипаттағаны үшін қойылады | Оқу пәні бойынша аудитория алдында айта білу дағдыларын көрсеткені және оқиғалардың ықтималдығын бағалап қорытынды жасағаны үшін қойылады |
| БҚ 2.1<br><br>БҚ 3.1 | Қоғамдық өмір: қоғамдық өмірге белсенді қатысады. Коммуникативтік дағдылар: жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады | Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданады,алайда алған білімін тиімді көрсете алмағаны үшін қойылады. | Топпен жұмыс істеу дағдысын қолданғаны, алған білім негізінде оқу экспериментін жүргізгені үшін қойылады. Іздеу және өңдеу барысында алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алады. | Топпен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз еткені үшін, ана тілі мен басқада тілдік білімі үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылай білгені үшін қойылады. | Аудиториямен қарым-қатынас және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ететін ана тілі мен басқада тілдік білімін көрсеткені үшін қойылады. Өзін-өзі үздіксіз дамытуға және дамуға қабілетті болғаны үшін, ақпараттарды талдап және қорытындылап, алынған ақпаратты басқа пайдаланушыларға жеткізе алғаны үшін қойылады. |

**Аралық бақылауды бағалау критерийлері**

| Бақылау түрі | Бағалау | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| Жазбаша, ауызша | **Өте жақсы**<br>А (4,0; 95-100%);<br>А- (3,67; 90-94%) | Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда оқу бағдарламасын толық жүйелей алған кезде үш сұраққада толық жауап берген уақытта оқу бағдарламасын зерделеп, оқу мақсаттарына талдау жасап қойылады. |
| | **Жақсы**<br>В+ (3,33; 85-89%);<br>В (3,0; 80-84%)<br>В- (2,67; 75-79%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. |
| | **Қанағаттанарлық**<br>С+ (2,33; 70-74%)<br>С (2,0; 65-69%)<br>С- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,0; 50-54%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, оқытушы көрсеткен оқу материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда әрбір тапсырмаға оны орындауда қателіктер жіберсе қойылады. |
| | **Қанағаттанарлықсыз**<br>F (0; 0-49%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, жауап бермеген жағдайда қойылады. |

**Сынақты бағалау критерийлері**

| Бақылау түрі | Бағалау | Бағалау критерийлері |
|---|---|---|
| Жазбаша, ауызша | **Өте жақсы**<br>А (4,0; 95-100%);<br>А- (3,67; 90-94%) | Білім алушы жауап беру кезінде негізгі қағидаларды өз бетінше нақты мысалдар, фактілермен жауабын растап, және негізделген түрде талдап, жинақтап, қорытындылай алғанда еш қателік жібермегенде қойылады. Оқу материалын жүйелі, нық, байланысты, негізделген түрде және қатесіз түсіндіреді, берілген терминология мен хронологияны пайдалана отырып логикалық жүйелілікте береді; өзінің дербес тұжырымын жасайды. |
| | **Жақсы**<br>В+ (3,33; 85-89%);<br>В (3,0; 80-84%)<br>В- (2,67; 75-79%) | Білім алушы жауап беру кезінде бағдарламалық материалдар бойынша нақты қателіктер жібермесе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады. Түсініктерді айқындауда, ғылыми терминдерді пайдалануда, тұжырымдар және жиынтықтарда елеусіз қателер мен кемшіліктер жібереді. |
| | **Қанағаттанарлық** | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателер |

| | | |
|---|---|---|
| | C+ (2,33; 70-74%)<br>C (2,0; 65-69%)<br>C- (1,67; 60-64%)<br>D+ (1,0; 50-54%) | жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады. Оқу материалының негізгі мазмұнын игерген, алайда кейбір жерлерін түсінбеген; материалдың мазмұнын айтуы жүйесіз, үзік-үзік және ретсіз.Ғылыми терминологияны пайдалануда қателіктер мен дәлсіздіктер жібереді. |
| | **Қанағаттанарлықсыз**<br>F (0; 0-49%) | Білім алушы жауап беру кезінде нақты қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, материал мазмұнын игермеген, қорытындылап, жинақтай алмай қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.Қойылған сұрақтар шегінде бағдарламалық материалдың маңызды немесе негізгі бөлігін білмейді және түсінбейді. |